

Қазанғап
БАЙБОЛҰЛЫ

Еңсегей
бойлы
ер Есім

**Қазанғап
БАЙБОЛҰЛЫ**



**Еңсегей бойлы
ер Есім**



АҚЫН
ҚАЗАНРАП
БАЙБОЛОВ

ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ
ЕР ЕСИМ"

РУКОПИСЬ

Қазанғап БАЙБОЛҰЛЫ

Еңсегей
бойлы
ер Есім



Алматы
“Жалын баспасы”
2005

ББК 84 Қаз 7-5

Б 17.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт міністірлігінің
багдарламасы бойынша шығарылып отыр

Құрастырган, арап қарпінен кошірген –
филология ғылыминың докторы, профессор,
Толе би қорының президенті Сәрсенбі Дәүітұлы

Байболұлы Қ.

Б 17 Еңсегей бойлы ер Есім. Дастандар. – Алматы: 2005. – 320 бет.

ISBN 9965-693-16-1

XIX-ғасырдың аяғында туып, XX-ғасырдың ортасында дүниеден откен халық ақыны Қазанғап Байболұлының “Еңсегей бойлы ер Есім”, “Толе бидің тарихы” атты дастандары мұрағатта жатып үзак жыл ел илігіне айналмай келді. Ақын бул шығармаларында ел қорғаган Есім ханды да, ел билеген Толе биді де тарихи дәлдікпен жырлайды. Екі шығармада да XVII жөне XVIII-ғасырда омір сүрген Алатау, Жиембет, Сүлеймен, Жақсығұл, Сикымбай батырларды, Толе биге қатысты Қарасай, Қойгелді, Отеген, Сеңкібай, Шойбек батырларды; Тоуке, Әбілқайыр, Абылай хандарды; Қазыбек, Әйтеке билерді жырына косады.

Жасоспірімдер үшін танымдық, деректілік мәні бағалы кітап.

Б 4702250202-04
408 (05)-05 4-2005

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-693-16-1

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005



ЖЫРДАҒЫ ТАРИХ

Есім хан – қазақ хандарының ішіндегі ерекше тұлға. Оның ерлігі де, елдігі де биік. Ел іргесін қалаған, кеңіткен, қорғаған, айналасына ел батырларын жинаған батыр хан; батырлығына, батылдығына бола Еңсегей бойлы ер Есім атанған хан. Оның аты аңызға айналған. Аңызда асырып айту да, жасырып айту да кездесе береді. “Аңыз тубі – ақиқат” болғанмен, аңыздарының бәрін таза тарих деп қабылдауга болмайды. Аты аңызға айналған адамның атақты, құрметті екені даусыз, ал қалғанын тек тарихи деректер ғана дәлследейді. Аңыздан ақиқатты аршып алу – тек тарихтың міндесті.

“Еңсегей бойлы ер Есім” тарихи жыр өрі аңыз жыр. Және ертеден жырланып келе жатқан жыр. Демек оның кейбір деректері уақыт өткен сағын ұмытылуы немесе өзгеріске түсіү әбден мүмкін. Ал бұл жырдың тарихы мен аңызын ажырату – халық тарихына қызмет. “Есім ханының ескі жолы” деген әдет-ғұрып жолының халық ішінде сакталуы да Есім ханының атақты хан болғанына қуо. “Қазакта тұтас хандықка Есім жеткен, тұтас билікке Төле би жеткен”, – деген сөз бостан-бос айтылmasa керек. Есім хан мен Тұрсын ханының бұл жырда айтылатын соғысын Шәкәрім қажы 1628-жылы болды дейді (“Тұрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі”. “Қазақстан” және “Сапа”. 1991. 24-бет).

“Қазақ совет энциклопедиясының” және “Бес ғасыр жырлайды” кітабының дерсегінде қарағанда, “Еңсегей бойлы ер Есім” жырын алғаш жырлаған Марғасқа жырау екен. Ол Есім хан мен Тұрсын ханының осы жырда айтылған ұрысына қатысқан кісі көрінеді. Демек оның жыры тарихи дәлдіктен ауытқымаса керек. Алайда Марғасқа жыраудың тол жыры бізге жетпеген. Оның жырын әркім өзінше үйреніп, өзінше насиҳаттап әкеткен болар. Соның бірін Қазанғап Байболұлы да (1889-1945) үйреніп, қағазға түсіріп бізге жеткізіп отыр. Бұл жырдың колжазбасын 1941-жылы Қазақ ССР Ғылым

Академиасының Орталық кітапханасына ақын Омарбай Малқаров тапсырған екен. Ақының жыры ақиқаттаң алыстап кетпегенің кейір салыстырулар дәлелді қуаттайты. Қазанғап Байболұлының бұл жырын ғалым-жазушы Мамытбек Қалдыбаев “Толе би” деген жалпы атпен ғалымдар Мекемтас Мырзахметов пен Мәмбет Қойгелдиевтің алғы сөзімен 1991-жылы “НБ-пресс” баспасынан басып шығарған болатын. Бұл кітап та сол басылымның негізінде ғалым Сәрсенбі Дәүіттің қолжазба-түпнұсқаны салыстыра карауымен шығарылып отыр. Жырдағы ақыздар, есіре әңгімелер көркемдік әдіс ретінде, әсерлі стіл жеткізу үшін ғана қолданылған. Ал оқиғаның желісі шын мәнінде болған оқиғаға құрылған, ондағы адамдар да өмірде болған тарихи тұлғалар.

Есім хан елде жоқ кездегі Тұрсын ханның қылыштары “Алпамыс батыр” жырын еске түсіреді. Есім ханның әкесіне, шешесіне, қарындасына Тұрсын ханның көрсеткен корлықтары, Есім ханның аңдаусыз келіп олардың зарын тыңдауы – бәрі “Алпамыс батыр” жырына ұксас. Оны ақынның дәстүрлі жырдан ұлғі алғаны немесе соған еліктегені деп қараған жоң болар. Ал адамдардың аты-жөні, олардың бір-бірімен ағайындық байланысына дейін дәл берілуі о баста бұл жырды Марғасқа жырау шығарды дегенге иландырады. Себебі ондай дәлдік тек оқиғаның басы-қасында жүрген адамнан ғана шықса керек.

Есім мен хан Тұрсынның соғысы кезінде Төле бидің бабасы Құдайберді, Қазыбек бидің бабасы Шашшар, Әйтеке бидің бабасы Жидебайлар билік жүргізеді. Бұл уақыт жағынан да үйлеседі.

Жырдағы оқиға, ондағы соғыска қатысқан хандар мен батырлар Қазыбек бек Тауасарұлының “Тұп-тұқианинан өзіме шейін” кітабында да айтылған және бұл екі шығарма бірін бірі толыктыра түседі. Жырда Әбілғазы, Жиембет, Сүлеймен, оның жалғыз ұлы Сыйкымбай, Жақсығұл Шабайұлы мерген, Сүлейменің атып олтірген Танау мерген, қоңырат тайпасына ұран болған Алатау батыр, шанышқылының ұраны Айрылмас батыр, Құра батыр, Қекім би, тағы басқалар аталады. “Тұп-тұқианинан өзіме шейін” кітабында да жырдағы оқиға дәл осындағыдай баяндалады. Егер жырда Сүлеймен батыр жайында: “Үйсін батыр Сүлеймен, Білмеймін ру, наамдарын”, “Үйсінен Сүлеймен батыр, қай үйсін екені белгісіз”, – десе, оның тегін Қазыбек бек анықтап айтады: “Ташкеңт әмірі Тұрсынмен болған соғыста Жанай

батыр – ерекше күш көрсеткен адам. Ол Шапырашты-Асыл Сүлеймені екеуі осы ұрыстың басына аяғына дейін қатысқан. Бірақ он адамды жекпе-жекте өлтірген Сүлейменді қатаған Танау мерген алыштан тұрып ұрланып атып өлтірген. Сүлейменнің сол кездегі жалғыз ұлы Сыйқымбай да жас та болса Есім ханға көп комек көрсетіп, Тұрсын әмірді әбден масқаралаған. Ол сол кездері он бес жасар бала жігіт Тұрсын ордасына түнде ұрланып кіріп, дәрі ііскетіп, оны талдырып, сақал-мұртың құзеп, бетіне қара күйе жағып, бар киімін шешіп, жалаңаштап, құйрығына қарала арқанды шұбата тығып, бар қару-жарагын алып, басына: “Мұны істеген Сүлеймен баласы Сыйқымбаймын”, – деп жазып кеткен. Осы ұрыста Сыйқымбайдың көрсеткен өнері елге аңыз болып қалды.

Сүлеймен осы ұрыста өзінің қайынағасы Айырылмасты да өлтірген. Екеуі бірін бірі білген. Бірақ елдің намысы үшін таласты. Жеке бастың қүйтінен гөрі елдің, жердің намысы екі ерді де билеп, ақыры Сүлеймен Айырылмасты мерт қылған. Алда әңгіме қылатын түмен басы Шапырашты Наурызбай – осы Сүлейменнің шөбересі. Тұрсын әмірімен болған бұл екінші соғыста Тұрсын Есім ханмен жекпе-жеккө шықпай қашты. Ақыры оны Есімхан Сайрамсудан Ташкентке дейін қуып, Ташкент түбіндегі хан Абат деген жерде өлтірді. Осыдан соң Ташкент шаңары күні бүгінге дейін қазақ қаласы болып қалды” (192-бет).

“Төле би” кітабында Жиембет батырды Бөртүғали ұлы десе, Қазыбек бек ол батырдың Алшын тайпасынан шыққан Әлімұлы Төртқара Жиембет екенін айтады (197-бет). Бірақ ол Жиембеттің әйгілі Жиембет жырау екені басқа жанама тарихи деректермен дәлелденеді. Жиембет жыраудың әкесінің атын әдебиет зерттеушілер бертінгे дейін әртүрлі атап келгендей. Ханғали Сүйіншәлиев Бөртөғашұлы деген дұрыс дейді. Қолжазбаның түпнұсқасын оқыған С.Дауітов те жырда Бөртөғашұлы деп жазылғанын раставиды. Демек бұдан байлай батырдың аты-жөнін осылай дұрыс атағанымыз орынды. Ал Ташкент соғысына қатысқан Жиембет пен 1643-жылы Орбұлақ шайқасына қатысқан Жиембеттің бір Жиембет екендігіне біздің күмәніміз жок, себебі Есім мен Жәнгір тұсында басқа Жиембет болмаған.

Қазыбек бек өз кітабында Жақсығұл батырды “мерген Дулат Жақсығұл” десе (201-бет), жырда Шабайұлы Жақсығұл Дулат, оның ішінде Жаныс, оның ішінде Бегежіл руынаң деп анықтаңырап айтылады. Екі шығармадағы кейіпкерлердің,

оқиғалардың дәл бірдей болып келуі адамдардың тарихи тұлға екеніне, оқиғалардың тарихи шындық екеніне бек иландырады.

Жырда қатағанның батыры Айырылмас (жырда Айрылмас) пен Сүлейменнің жекпе-жегі өсіреленіп жырланады, Айырылмас Сүлейменді жездे дейді, ал Қазыбек бек Айырылмасты Сүлейменнің қайнағасы дейді. Қайсысынікі дұрыс дегенде, мениңше, Қазыбек бектің Матай шежіресіне сүйеніп айтқаны сенімді сиақты. Алайда екі батырдың өзара ілік-шатысы бар жақын адамдар бола тұра ел үшін, намыс үшін жекпе-жектен бас тартпауы ол да бір айрықша оқиға.


Тұрсын ханның қыздары Айбике, Нұрбике, Қоңырбике туралы Шәкәрім қажының шежіресінде де айтылады. Ол шежірені Қ.Байболұлы да білетінін аңғартады. Мәшьүр Жүсіп шежіресінде Қызыбике, Айбике, Нұрбике делінеді, бірақ олардың Тұрсын ханның қызы екендіктері айтылмайды. Қоңырат Алатау батыр жайында: “Оққа ұшырып жіберді, Алатау батыр дегенді”, – дейді жыр. Ал Қазыбек бек Матай атасының шежіресіне сүйеніп, оны Хазар теңізінің маңында өткен басқа ұрыста қаза болған дейді. Осындай-осындай кішігірім алшақтықтары болғанмен, жыр мен кітап бір-бірін жан-жақты қуаттайды. Мұның өзі біздің тарихшыларымыз үшін аз олжа болмаса керек.

Сүлеймен батырды атып өлтірген мергеннің аты Танау екенін Қазанғап та, Қазыбек бек те дәл айтады. Хан Тұрсынды Сүлейменнің жалғыз ұлы Сыйқымбайдың қалай масқараланғанын жыр да, кітап та бірдей дерлік баяндайды. Осындай дәлдіктер бұл жырдың негізі шын тарихи оқиғаларға құрылғандығына сендіреді. Олай болса, хан Тұрсын мен Есім ханның ұрысы Тоғыс сайында өтті, Тәуекел ханның сүйегі Баба Атада, Есім ханның моласы Сарысуда деген мәліметіне де ілтипатпен қарап, қолдан келсе, соның бәрін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге талап жасауды да ұмытпағанымыз жөн.

Жырлау әдісінде асыра мадақтау, көтере сөйлеу, дәріптеу тәсілдері кездескенмен, “Еңсегей бойлы ер Есім” жырын тарихи шындықты жырлаған шығарма деп тануымыз керек. Бұл жыр бізге тарихи ғылым мен, өмірде болған адамдар мен болған оқиғаларды жырлауымен қымбат. Тарихымыздың іргесін сәл де болса кеңіте түсетін мұндай шығармаларды насихаттау, зерттеу, мадақтау – біздің перзенттік борышымыз.

Бексұлтан Нұржекеұлы

Еңсегей бойлы ер Есім





KIPICU

Төле дейді ұраным,
Қоғалы дейді тұрағым,
Бақтиярдан ажырап,
Бәйдібек бай, Жәнібек
Жалғыз ұлы Жарғышақ,
Домалақ деген ананың.
Албан, Суан, Дулат боп,
Бөлініп бері шығамын.
Жарылғамыс, Жанту боп,
Жаныстан келіп тарауы.
Патша менен ханы көп,
Байы менен жарлы көп,
Ілгері өткен заманың,
Ұлы Шыңғыс ханыңды,
Алдымен баян қылайын.

XAN SHYNGYS

Өте ерте заманда, қазақ, ногай, өзбек болып аталмай тұрып, күн шығыста бір хан болған. Хан неше жылдай перзент кермей жүргенде, әйелі құрсақ көтеріп, бір күні қыз туады. Туғанда қызының ірепі қаранды үйді жарық етеді. Хан бұл қызымды ерге бермейін деп, қызына ариап темірден сарай салдырып, сонын ішіне қойып бағады екен. Қундерде бір күн темір үйдің ішіне именің жасуындай тесіктен күннің сәулесі түсіп, қыздың бойы оған балқып кетіп, жүкті болды. Ханиң бұған қаңары келіп, неше күн ас ішпей, азаптанып, дағдарып, ақыры хан өзінен туған қызын өзі олімге бұйырады. Ханиң туысқан інісі қарындасына артықша жаны ашып, жапсардан қашырып, қызды сарайдан алып шығады. Қарындасымен жыласып қоштасқан соң, Іле бойындағы ақыры бірсуге кез боларсың деп тілеп, сандыққа салып, Іле дариясына ағызады.

Орнына бір жазықтыны өлтіріп, киімдерін қаңдалап, жастарға да, ханға да қызды олді деп жариялады.

Екі адам маңғұлдардан шықты аңға,
Зер салды тамаша етіп дарияға.
Жарқырай алтын сандық келеді ағып,
Иасугей баңадурмен қалды таңға.
Сандықтың таңдалап бірі ішін алды,
Екеуі үәдесінен қажымады.
Ішінде бір қызы жатыр шалажансар,
Аспанға пұры шығып жарқырайды.
Ол қызды таңдағаны кетті алып,
Қараса езі жүкті, пайымдалты.
Өзінің рәсімінше неке қып,
Қасына бір күндерде жақындалты.
Тілсімат дарбазасы аман екен,
Құлышы, ашқан сайын шатырлапты.
Дүниеге бір күн бала пайда болды,
“Дили күн — булдақ” деген жерінде еді.
Қатындар кіндік кескен назар салса,
Он қолы қан уыстап жұмұлы еді.
Зілінде үлкен патша болар десіп,
Аттарын Темушин деп койыпты енді.
Жұрт сұрап, даражага жеткеннен соң,
Лақабын сонан кейін Шыңғыс дейді.
“Қожа — нұрдан, төрелер — сағымнан” деп,
Бұл сөздің осылайша мағынасы еді.
Тоғыз ұл туды артынан абалары.
Он екіге келгенде әкесі өлді,
Санаға 1237 жыл толғанында.
Жасында жиырма екі патша болды.

Темушин өсе келе өзінің ақылымен, ерлігімен жүрт көзіне түсті. Тоғыз ұл оны күнделеп, көре алмайтын болды. Бір күні аласы айтты: “Сенің мыналармен абаң бір болса да, атан басқа еді. Бір күні болмаса бір күні зорлық қылар. Осылар есейіп, өз беттерімен кеткенше Ілеңің басына жатып садақ атып күн көр. Ілеңің беті құстың жүні болса, сенің тірі ексиніңді білемін. Мына алтын жүзігімді қай кездे жіберсем, сонда кел, одан беріде келме”, – дейді.

Темушин Іле басына барып аң атып, құс жүнінен кепс қылыш жатады. Садақ жасап, оқ жонады. Табақ жасап,

табактарына мынау хан табагы, мынау жасауыл табагы деп айтқынан.

Дәл осы көзде маңғұл слінің ханы оліп, кімді хан қоярын білмей маңғұлдар дағдарды. Ел хандыққа таласып, болініп, келісе алмай, ақыры ақылы зерек Темушин анасына келіп ақыл салады. Эйел айтады: “Мениң алдыма талапкерлердің бәрін жиындар. Аспанаға садақ тартсын. Кімнің садағы сағымға тоқтаса, соны хан сайланыңдар”, – дейді. Талапкерлер жиылып, садақты қашша тартса да, сибірі сағымға тоқтата алмайды. Сонда әйел: “Ендеше мына жүзікті алып Іле бойындағы мениң балама барындар”, – деп, жүзігін беріп, баласына ел басшыларынан бірнеше адам жібереді.

Шакырушулыар барған жерде Темушин бұларға қарсы садақ тартпақ болады. Келгендер жүзікті корсетіп, абасы шакыртқандығын айтты. Темушин отырып: “Ендеше мен жанды нәрееге міннін бармаймын”, – деді.

Келгендер ойланып, ағантан кесіп араба жасады. Жүргенде арабаның қаңқылдай даусы шықты. Соңдықтан араба қылған ұстасының атын “Қаңкуулы” деп койды. Соның өзін халық бері келе “Қаңлы” деп атап кетті. Қаңлы деген сөз – арбалы дегені.

Араба қылған ұста келе жатып: “Енді осы хан болатын болдығой, жаңасам, күр болмаспыш”, – деген оймен өз аяғын шоттеп шауып, ақсак болды. Бұған Темушин мейірі түсіп, арабаны істеп берген осы ой деп, бірге мінгізіп алды. “Ханы бар кәделі елде Қаңлы бар” деген казакта макал бар. Және “хан жоқ болса, Қаңлыдан хан көттер” дейді. Бұл макалдар содан калған. Қаңлы елі әлі күнге дейін озге казактеп: “Арабаға ханмен бірге мінгенбіз”, – деп талас стеді. Бұл таласының мәнісі осылай.

Түрік патшасы Қаңлыдан делінеді. Олар Шыңғыс ханнан қашып барған 400—300 үйдей Қаңлы тұқымынан. Шыңғыс халықтарды қырып ойпаттан, озіне бағындырып жатқанда, үш жүз-торт жүздей Қаңлы арап жұртына қашып барады. Шыңғыс ханинан кейін, оның немересі Алаку деген хан арап жұртының Абессения руынан болған “Мутауатал – Алаш” деген патшасын Бағдат шаңарынан кумақшы болды. Баяғы Шыңғыс заманында қашып барған Қаңлылар өсіп, құрамданып қалған екен. Арап патшасы қорқып, Бағдаттан қашпакшы болып жатқанда, бұлар патшаға: “Сен ұрысқа карсы тұра алмасаң, тілхатпен патшалықты бізге бер. Шыңғыс хан иәсілдерімен біз ұрысамыз”, – дейді. Патша тілхатпен патшалықты береді. Олар Шыңғыс немересімен ұрысын, жеңіп, куады. Мұнан соң Қаңлылар араппен қатар түрікті де билейді. Түріктің Қаздың тұқымы Қаңлыдан қалған, түріктің осы күнгі патшиасы да сол тұқымынан делінеді.

Арабасын даярлап,
Кілемге артын салады.
Қызмет етіп, ардактап,
Еліне алып барады.
Хабар тапты Шыңғысынан,
Маңғұлдардың тамамы.
Хабар айтып жүртина,
Теп-тегіс жинап алады.
Садағын тартты аспанға,
Сағымда тоқтап қалады.
“Сағымға ілген садағын
Төрелер” деген мақал бар.
Осы еді себебі.
Жсті мәрте оқ атты,
Осыдан мысал әлеумет,
Жеті жұз жыл әулеті
Дүниенің жүзіне
Хандық құрап деп еді.
Әмір-Темір патша да,
Шыңғысханның нәсілінен.
Айналып бәрі төре еді.
Орыс алып жоғалтқан,
Кенесары – Наурызбай
Ақырғы жері бұл еді.
Құлақ салсан, әлеумет,
Бұл да Шыңғыс әулеті.
Тәуекел ханнан баяндалп,
Әңгіме қылып берелі.

ТӘҮЕКЕЛ ХАН

Ал тыңдасан, Әлеумет!
Түркістан атты қалада,
Дешті-Қыпшақ далада
Баласына үш жүздің
Тәуекел атты төреніз,
Хан болып көп жыл сұрады.
Он сегізде хан болып,
Қырыққа жасы кеп еді.
Осынша хан болғанмен,
Бір перзенті жок еді.
Жері байтақ, елі бай,

Алтын-құміс қазына сай,
Исі қазақ баласы
Лақап қылып сол күнде
“Хашардың ханы” дер еді.
Қазақстан жұртының
Атырабын болжасаң,
Еділ, Жайық, Қапқазбен
Бір шеті Жаркент, Құлжамең,
Омскі мен Томскі
Ауган, Бұқар арасы,
Есепсіз жұрты көп сді.
Зарлаушы еді дәйімі,
Жұз жасасаң да рабbam,
Ақыры ажал келеді.
Аяды перзепт дегенді.
Бір күні айтты зар жылап,
“Гұлханым” деген зайдыбы
Ханыңыздың бар еді.
– Қосылған жастан әйелім,
Сөзіме енді құлақ сал.
Оңашалап айтайын,
Білдірейін сырымды.
Бұрынғы жастық күйім жоқ,
Сақалым болса ағарды.
Не қылғанмен картайдым,
Құдайыма зарым жетпеді.
Датымды кімге айтамын?
Немере сүйіп, ұл көрді,
Өзімнен соңғы қатарым.
Сорлы болдық сіз бен біз,
Кураган ағаш мысалы,
Абайлай мұны байқағын.
Өліп кетсе ханыңыз,
Орнына өзім болам деп,
Қазына мұлқін алам деп,
Жыбыртқылап сөзі бар,
Алмас болды тілімді.
Сөзім өтпей барады,
Үәзірлерді байқадым.
Көзім тірі кезінде,
Тәж-тағымды тастайын.
Шаңардан шаңар қыдырып
Қамкоңіл болып жүрсійін.

Құдай берсе тілекті,
Қайтып таққа міндейін.
Диуана болып, Ғұлханымым,
Қолыма аса алайын.
Ауылды қоймай қыдырып,
Бәріне бір-бір барайын.
Осы жасқа келгенше,
Естімедім дауысын
Үйімнен ешбір баланың.
Башерат бірі бермесе,
Көзімнің жасын көрмесе,
Ендігі сөздің қысқасы,
Мекеге таман барамын.

Гүлханым сонда сөйледі,
Ханға қарап қамығып.
Қол ұстасып зарлады,
Екеуі де тарылып:
— Жақсы күнде жолдасым,
Жаман күнде ажырап,
Қалайын сізден неғылып?
Дәuletінде серік ем,
Күлгенинде куандым.
Жыласаңыз куарып,
Халықтан шығып тарынып,
Аударып қоныс көрейін.
Жұрттан шығып жаңылып,
Сенімен бірге түнейін.
Құдайдан мен де тілейін.
Адал жүріп, ақ тұрса,
Қырық күнде берер деуші еді,
Әйелдердің тілегін.
Несін айта берейін?
Берместен құдай қасарса,
Етегіңен ұстап ап,
Сіз өлген жерде өлейін.

“Қайғы мен әбден қамыққан,
Перзентті ойлап зарыққан,
Хан менен көріп ханымын,
Сәли деген уәзірдің,
Сондағы айтқан сөзі еді:
— Қадырлы Тәуке ханымыз,

Насихат сөзге құлақ сал.
Қыдырыңың қашпайды,
Дамыл қылып біраз күн,
Тақтыңызда қарар ал.
Ел ішінде Әзи әзиза көп,
Мұстажан дұға адам бар,
Жарлыға қылып қайырды
Сынықтардың көңлін ал.
Кіші Меке деуші еді,
Әзірет сұлтан, Арыстан бап,
Оларға түнеп, құрбан шал.
Басыңдан қылып садаға,
Асыңыздан қайыр бер,
Қылып көр колда барыңда,
Ықтияр кетпесстен.
Құдай берген малың бар,
Құдайдың берген шағында
Ханға рауа қырық қатын,
Біреуі түгіл онды алғын.
Біреуінен болмаса,
Біреуінен дегендей,
Ол болмаса тағы да ал.
Құдайдың берген шағы бар.
Жасың жер дақыл бермейді,
Адамын тауып алғын да,
Сүдігер етіп дақыл сал.
Биесін тауып жем бергін,
Жабыдан тұлпар туады,
Әуелі сойтіп өшінді ал.
Жаңа астың қырықтан,
Сен қатарлы кедейлер,
Қатыны түгіл малы жок.
Құдайдың о да пендесі,
Осыларды жадына ал.
Болмаса тағы айтайын:
Жалағып ешкім әкетпей,
Білдірмestен жасырын,
Бозбаланың көңлін ал.
Бір жағынан тағы да,
Тауып құшын бақсыға,
Молдаларға оқытып,
Алланы айтып зікір сал.
Есің барда стек жап,

Армансыз мұны қылып қал.
Бәрінен де болмаса,
Онан соң айттар сөзім жок,
Маңдайыңың соры бар.
Жұрт иесіз қалмайды,
Тон жағасыз болмайды.
Біріміз хан болармыз,
Қайда барсаң, сонда бар.

Жүйе деп бәрі жылады,
Мәжілістегі адамдар.
Сәлінің айтқан сөзіне,
Арқасынан қағады.
Тәсіл келіп бұл сөзі,
Ханыңыздың өзіне.
Жайымды білер құрбым деп,
Ден қойды қатты өзіне.
Ойланды хан қиял қып,
Бала күннен қосылған,
Тенгеріп алған бойыммен.
Алғаным қашпас иншалла,
Гүлханым сынды ханымға,
Өуелі адам салайын.
Жұруші еді алғын деп,
Өуелі байқап сынайын.
Ойланып мұны ханымыз,
Гүлханым сынды ханымға,
Өуелі адам салады.
Ханынан алып хабарды,
Гүлханым енді біледі,
Елінің қылған кеңесін.
Көмейі бос бұл жазған,
Ризалық бергендей,
Бұдан артық не десін?
– Барамын мен де қартайып,
Бірақ әлде үміт бар.
Сонда да маған сенбесін,
Таңдал алсын дұрыстап.
Ақылды пайым данадан,
Ұяты бар жақсыдан,
“Кіші қатын, – кәрілер, –
Кісі қатыны”, – деуші еді.
Жастар жанап қырындал,

Қарамастан арыңа,
Адал істер арам боп,
Үй іші топкер болмасын,
Нәсіп болып бір сұлу
Ала қалса көп елден,
Жасқа ауып ниеті,
Кәрі-кұры демесін.
Алдап көрсін кезінде,
Суғарып көрсін егінді.
Шілдедей болып қақыра
Ұятым шөлдеп қалмасын.

Есіткен соң ер Тәуке,
Гүлханымның жауабын,
Халыққа салды хабарды.
Тұранның жалпақ еліне,
Дешті-Қыпшақ жеріне,
Жайылды тегіс бұл сезі.
Тіллаға тартып аламын,
Жақса егер адамы.
Дүиисеге көнілі ауып,
Көрсетпекке қыздарын,
Қолдарынан жетектеп,
Уәзіріне барады.
Кейбіреуі ертелеп,
Кейбіреуі кешелдеп,
Ордаға қарай самғады.
Ұялды хан бұл істен,
Салған соң халық қауғаны,
Отырып тақта назар сап,
Қапа болып қамығып,
“Еріккен құдай екі күйеу
Қылады” деген сөзі бар.
Дана Сәли уәзірін,
Оңашаға шақырып,
Осыған ақыл салады.
— Қараши, уәзір, тыскары,
Тағы да бұған амал тап.
Қандай қылсақ болады?
Қыздарын қолдан жетелеп,
Мазамды алып барады.
Уәзір Сәли не деді,
Ханға жауап береді:

– Айналайын хан тақсыр,
Тағында тыныш отыршы!
Осы келген жұртына,
Менің өзім барайын,
Ұят болса бұл істі,
Қылдырмас еді құдайым.
Мастықпен қылған жерін жок,
Дүние үшін бастарын,
Базарға салып бәрі жүр.
Айналып оң мен солына
Бәрі емес біреуін,
Бір дұрысын қарайын.
Әдемілеу аласа,
Орта бойлы дембелше,
Айыр құйрық мүшелі,
Көлалы жақсы сиырдай,
Біреуін тандап алайын.
Жаққаны маған бар болса,
Сізге де жағар ақыры.
Арғысын ары өзің біл,
Қойныңызға салайын.

Осыны айтып ер Сәли,
Аралап бір-бір қарады,
Келгендердің тамамын.
Орта жұздің елінен.
Ешбір адам жақпады,
Әбиірлі ірендер,
Бірінің тапты хабарын.
Құштар еді көп бала,
Айымқызы дейді аттарын.
Алып қалды осыны
Дүние беріп аямай.
Разы қылып қалғанын,
Оңашаға апарды.
Хан да барды қамданып,
Құпиялап айтайын,
Онан соң не болғанын.
Дәурен сүріп неше жыл,
Қайғы кетіп көңілінен
Берердей тәнірі ақыры
Бірнеше жыл шыдады.
Уақытсыз бола ма,

Сонда да нышан болмады.
Бір күні тұрды қамығып,
Артықша етіп наланы:
– Пешенемде жоқ екен,
Неғылсам да болмады.
Бөлінді түрлі қиялы,
Шақырып алып кішісін,
Ханыңың айтқан жауабы:
– Айымқызы, болды әулие түнегенін,
Құдайдан бірер бала тілегенің.
Ешбір жан бер дегенді тәуір қөрмей,
Бәрі де жек қөрінді тіленгеннің.
Үмітсіз жалғыз шайтан деген сөз бар,
Үмітпен сарғайыпты ірендерің.
Кетемін енді міне жаңан кезіп,
Кеудемнен жан шыққанша жүре бердім.
Ұл түгіл, қызын құдай аяп қойды,
Болғанда қаңғырмас ем бір ермегім.
Өмірің, менде тұрсаң, өтер босқа,
Болмасын саған обал, есіп-өнгін.
Бар рұқсат, мен риза, құдай риза,
Айнаңа Әзіретті жүре бергін.

Осыны айтып хан Тәуке
Рұқсат берді Айымға.
Қалмайын деп зәбірге
Қақым қылдым ойланып.
Сенің де жас жаныңа
Бір баланың зарынан,
Жапанға қаңғып барамын.
Жүрер болса бірлесіп,
Жолдас қылып аламып.
Көңілдегі болмастан,
Қаңғырып кетіп барамын.
Тілегімді бермеді,
Көздің жасын қөрmedі.
Болмасына көз жетті,
Бұл қиялды қоямын...

Егіліп жүріп ер Тәуке,
Астанасын айналды
Хан тағына хан етіп,
Уәзірді Сәли сайлады.

Ханның тастап киімін,
Кедейлер киді лыпасын.
Тәңірге мойын ұсынып,
Қолына алды асасын.
Бірлесіп шықты Гүлханым,
Тастап зерлі торқасын.
Бір сөзді сонда сейледі,
Төгіл тұрып көз жасын:
– Мұңдасым, ақылдасым, құлағың сал,
Иесіз қалды шіркін дүние мал.
Бір жерде өліп кетсен, кебін болар,
Әжетке жааралықтай дүние ал.
Жиреніп, көмген адам ерінбейді,
Зеріңнің көз жұмғанша керегі бар.
Тұл қалып, жеті жылдан тумай жүрген,
Жылқыда құла торы бір байтал бар.
Е, тақсыр, баяндайын алдыңыз да,
Байталдың адам тәріз ақылы бар.
Зарлансан кей уақытта кісінеп кеп,
Иіскеп тұрушы еді бұл жануар.
Һәм жолдас, һәм мінерге көлік болсын,
Хайуан да болса ақыл осында бар.
Туыңыз Шыңғыс ханнан келе жатқан,
Нақышты, дүри-гаунар бір жүзік бар.
Салсан деп итаяққа ойлаушы едім,
Ішінде алтын сандық тозған шығар.
Мабада бізден бұрын ажал жетіп,
Саусағым шірімесін, қолыма сал.
Еңбек мал әлдекімге бұйырмасын,
Дүние, мұндай болсаң, адыра қал...

Хан қолына жүген алып, жылқыға келіп еді, құла байтал
көзінен жасы щұбырып, ханның қасына келіп тұра қалды.
Хан көңілі бұзылып аяп кетіп, мойнынан құшақтап жылап
тұрып айтты:

– Деуші еді хан Тәуекел патша мені,
Мінбекке жүгенедім, хайуан, сені.
Адамнан сорлы болып мен шығып ем,
Қасартты мендей қылып құдай сені.
Таптым ғой бір қылмыстан деп ойлаушы ем,
Жануар, себеп қылды саған мені.
Ұрықсыз жаралғандай мақұлық жоқ,

Ағаш та жапырақтап, мәуе берді.
Биылғы шашқан ұрық жазға шығып,
Мамыр боп дүние жаңан көгереді.
Тасбака қырық күн қарап кадалумен,
Онаи да бірталай боп ұрық толды.
Жануар, құдай иіп құлын тусан,
 Тағы бір ниетім бар көнілдегі.
Мабада құдай маған бала берсе,
Ат қылып жақсы ниет мінсін сені.
Куансақ, қуарсақ та бір жүрейік,
Қосылып қайда барсақ екі сорлы.

Осыны айтып Тәуекел,
Жүгендеп мінді биені.
Гүлханым мен екеуі,
Арыздастып, жыласып,
Ел жұрттымен қоштасып,
Бет алып енді жүреді.
Жер жаңанды кезеді,
Өулиеге ат айтып,
Корасанға қой айтып,
Бір перзентті тіледі.
Бір күндері болғанда,
Ыдырыс Нәби, Ысқақ бап
Бұған да келіп түнеді.
Болмады ешбір баsherat,
Онан да өтіп жөнеді.
Ешбір белгі болмады,
Әулие қоймай қыдырды,
Етегін шенгел сыйырды.
Нақышыбанға бармақшы,
Бәрінен үзіп күдерді.
Бәйбіше мен екеуі
Қоканменен айналып,
Бухарға кірді аралап
Баңауддинге түнеді,
Болмады ешбір баsherat
Қара дария дегенді
Қайтты енді жағалап,
Байталын отқа қояды.
Тағамын ішіп саялап,
Жарылып дария күніренді.
Бір хайуан шығып келеді,

Кеудесі жылқы, басы адам,
Осындаша сүйегі.
Байталға келіп асылды,
Иіскелеп, аймалап.
Тұсіп кетті қайтадан,
Байталы қалды арам ап.
Иншалла ат болсын,
Құлындасты балалап.
Жүрекі кетті жарылып,
Жылапты біраз қамығып.
Бір дауыс келді ғайыптан,
Ұйқаста көзі ілініп:
— Талабың содан болады,
Қашқарда бар Бізүрік.
Бейшаралар қуанды,
Көргендей әзір жұбанды.
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Қашқарға бармақ талабы.
Келе жатса жеделдеп,
Жолықты сансыз саудагер,
Танымайды ешбірі
Хан менен мынау ханымын,
Алыс-жұық, жақыннан,
Жай-күйлерін сұрады...

Көп саудагерден: “Алыс-жақыннан есіткен-білген не хабарларың бар?” – деп сұрап еді, саудагерлер жамырасып, жүрген жерлерін, алған бұйымдарын, тапқан пайдаларын айттысты. Екі мұсәпірді бұлардың сөзі тойдырмады. Ақырсоңында біреуі: “Қашқарда Аппақ қожа ешен деген пайда болды. Ешен рахым етсе, тумаған әйел ұл туып, жылағандар қуанады екен”, – дейді. “Көп сандалғанымыздың бірі дағы, соган да бір барып, зиярат қылайық” – деп, хан менен ханым Қашқардың жолына түсті. Бірнеше күн жол жүріп, табандары ойылып, Қашқарға жетті.

Ерлі-қатын бірлесіп,
Жол тартты бұлар қабағат.
Бола ма деп дарамат.
Аппақ қожа пірім деп,
Зарлайды жолда етіп жат.
Аяңбастан жүрген сон,
Аяқ-кол болды жарақат.